

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы
білім бөлімінің «№15 балабақшасы» КМҚК.

Мектепке дейінгі мекемелерде баламен жұмыс жасаудың бірден-бір тиімді жағы - құрастыру жұмыстары.

«Құрастыру» дегеніміз әр түрлі заттарды, бөліктерді белгілі бір жағдайға келтіріп құрау деген мағнаны білдіреді. Алуан түрлі материалдардан құрастыру ойынмен көбірек байланысты. Ойын көбіне құрастыру процесімен қатар жүреді, ал балалардың жасап шығарғандары әдетте ойындарда пайдаланылады.

Рудный қаласы № 15 балабақшасы ересек «Ботақан» тобында балалар ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттерінде және бос уақыт кезінде құрылыс материалдарынан, конструкторлар жиынтығынан, қағаздан, табиғи және басқа қажетсіз заттардан құрастырып ойнайды.

